

Елбасы мен елорда – егіз ұғым. 6 шілде күні Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев сексеннің сеңгіріне шықса, оның төл туындысы – егемен еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы жиырма екінші туған күнін атап өтеді. Осыған орай, Елбасы атына әлемнің іргелі мемлекеттері басшыларынан көптеген құттықтаулар түсіп жатыр. Сол хаттарда Елбасының тәуелсіз Қазақстанды қалыптастырып, орнықтырудағы еңбегі ерекше аталуда. Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі де Қазақстан халқына Үндеу жолдады. Онда әлемді шарпыған қатерлі дертке шалдыққанында тілектестік білдіріп, қолдау көрсеткен барша жұртшылыққа алғысын жеткізе келе, еліміз басқа түскен қиыншылықтан аман өтетініне сенімін білдірді.



@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




ASTANA



№78 (4047) | Сенбі | 4 шілде 2020 жыл

AQSHAMY

Асқақтай бер, астана!



Құрметті қала тұрғындары!

Еліміздің жүрегі – астана күні құтты болсын!

Нұр-Сұлтан қаласы – тәуелсіз Қазақстанның басты символы. Осы жылдар ішінде елорда Еуразияның ірі саяси, экономикалық, мәдени орталығына айналды. Қазақстанның жаңа да басты қаласы картада Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи шешімінің арқасында қалыптасты.

Елордамыздың дамуы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бақылауында.

2019 жылы 2,5 үлескері бар 10 тұрғын үй пайдалануға берілсе, биыл 20 үйдің құрылысын аяқтап, пайдалануға береміз. 8 мыңға жуық үлескер өз пәтерлеріне кіріп, тұрғын үй құжаттарын рәсімдейді. Сонымен бірге елордада қолжетімді тұрғын үй құрылысының көлемі артады.

Білім беру саласына келетін болсақ, кешенді жоспар аясында 5 жыл ішінде 60 мың орындық 50 мемлекеттік мектеп (оның 10-ы қазіргі мектептердің аумағында) салу жоспарланған. Бұл екі ауысымда 120 мың оқу орнын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар биыл 150 аула мен 50 қоғамдық орын абаттандырылады. Қысқа уақыт ішінде астанамыз өркендеп, жас, қарқынды дамып келе жатқан қала мәртебесіне ие болды.

Бүгінде қалада 1,2 миллионға жуық халық тұрады. Жиырма жылдан бері қала халқы 3,5 есе, ал оның аумағы 3 есе өсті.

Мерейлі мерекемен құттықтай отырып, әр отбасыға саулық, амандық пен бақ-береке тілеймін!

Алтай КӨЛГІНОВ,
Нұр-Сұлтан
қаласының әкімі



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 457.91 \$ USD/KZT 405.77 ₸ RUB/KZT 5.77 ¥ CNY/KZT 57.42

www.astana-akshamy.kz



4870223050016

Елорда тарихы – Елбасының ерен тұлғасын, қайраткерлік, саясаткерлік, санаткерлік қасиетін айқын сипаттайды. Астананың бас сәулетшісі Нұрсұлтан Назарбаев жас шаһардың архитектуралық, философиялық-эстетикалық тұжырымдамасын жасады. Жаһандық сәулет өнерінің ғажайып құбылыстарына, үздік үлгілеріне жүгінді. Себебі саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық мәні өзгеше жаңа елордаға лайық қайталанбас ою-өрнектер, ұлттық нақыштар, сан алуан бояулармен құбылған бейнелі суреттер қажет еді.

Елбасы жүрегінің миуа-жемісіндей, жанының бөлшегіндей ардақты астанасы туралы көкейтесті, жүрек-жарды ойын былайша өрнектейді: «Астанасына қарап елін таниды. Астанасының қайда орналасып, қалай өркендеп жатқанынан әр елдің өзінің өткені мен ертеңіне деген көзқарасын аңғарып, өзгелерге деген пейілін сезінеді. Сондықтан да астана – ұлт келбеті, мемлекет дидагы, халық мерейі. Күллі әлем атын енді жаттай бастаған жаңа астана біздің жас мемлекетімізге деген назарды екі есе арттыра түсері сөзсіз. Оның біз жетпек биіктердей өрелі, біз орнатпақ қоғамдай тартымды болып, көркейіп, өсуі жолында күш-жігерді аямаймыз» дейді.

Елбасы елорданың әр ғимаратын, әрбір мекемесі мен ауласын көзбен көріп, даналықты зердемен бақылайды. Тіпті ой-санасын, сезім дүниесін тұтас билеген қаланың сұлу тағдыры мен тарихына, сәулеті мен құрылысына, рухани-мәдени өрлеуіне қатысып, көшелі ой-пікірлер өрбітіп, ғибратты кеңестерін аямайды.

– Мен қаланың негізгі бөлігіндегі әрбір ғимаратқа да тікелей назар салып жүремін. Өзегімнен өткізіп, жан-жүрегімді жарып шыққан бұл идея – Қазақстан мемлекетінің астанасын елдің ортасына алып бару, елордаға қай өңірден де бірдей жететіндей ету идеясы тәуелсіздіктен кейінгі менің өмірімнің ең мәнді мақсат-мұраттарының біріне айналды. Ендігі жер бетіндегі барша қазақтың назарында тұратын, қазақтың асқақ рухы сән-салтанат құратын бас қаламыз – осы астана, ардақты ағайын! – деп ағынан жарылады Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев ұлы байтақ даланы құштарлық, іңкәрлік сезіммен сүйеді. Жер байлығы, кен байлығы, ел байлығы, рух байлығы бар деп шабыттанып, шаттанады.

«Еуразия жүрегіне, қазақ жерінің кіндігіне Ақордасын тіккен Астана – Қазақ елінің өз қалауымен жасаған дербес таңдауы. Біз оны байтақ даланың шын иесі кім екендігін алыстың да, жақынның да есіне салу үшін жасадық. Бұл арқылы біз қазақтың осы бір құйқалы өңіріндегі ұлттық дәстүрді, тілді, өнерді жойылудан сақтап қалу үшін жасадық. Біз оны болашақ ұрпақ үшін, еркін еліміз үшін жасадық» дейді халықтың бағына туған ел ардағы.

Елбасы еліміздің бас ордасын Сарыарқа төсіне, қазақ жерінің төріне көшіргені бекер емес. Халқымыздың данасы, көреген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

*Салтанатты Сарыарқа,
Сәулеленген Сарыарқа,
Кең қойның кен Сарыарқа,
Сан жеткісіз Сарыарқа,
Суың шекер бал Арқа,
Майда шөбің бал Арқа,
Күрделі биік бал Арқа,
Малы-басың сай Арқа,
Төрт түлікке бай Арқа,
Маңырап тұрған мал Арқа,
Төңірегі төл Арқа, – деп жырлаған қасиетті өлкенің діндегі – Ақмола. Бұл өңір кезінде өркеніеттің бесігі де болды. Елорданың іргесіндегі терең тарихты қойнауына бүгін жатқан, Ұлы Жібек жолының бо-*



ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҚАРА ШАҢҒЫРАҒЫ

» Тәуелсіздігіміздің айғағына айналған игілік мекені – астана жыл санап, он төртінен туған айдай ажары тасып, ақ манардай толықсып, ерекше нұрланып, ерке Есілдің жағасында жайқалып өсіп, келешегі кемел, өрісі ырысты, болашағы жарқын халқымыздың қара шаңырағына айналды.

йында қоныс тепкен Бозоқ қалашығы – соның дәлелі. Қысқасы, Сарыарқа жерінен ықылым замандардағы жәдігерлердің жұрнақтары ұшырасады. Түгін тартса майы шығатын осынау топырақта мыңдаған баһадүрлеріміздің қаны төгілген.

«Атаным сай, атым сай, көшсем нұға жетемін, Кетпенім сай, шотым сай, қазсам суға жетемін» дегендей, елорданың керемет ғимараттары да анадайдан көз тартып тұрады. «Жапырағын жайған жас шынардай жарқыраған» Бәйтерек, бірі – «сабырлы, салқын ақылындай» даналық ордасындай Ақорда, Елбасы кітапханасы, Хан Шатыр, Бейбітшілік және келісім сарайы, Ұлттық академиялық кітапхана секілді бірегей ғимараттар жасампаздықтың куәсі секілді жарқырайды. Иә, Сарыарқаның сайын даласында осындай алтынмен апталған, күміспен күптелген сұлу шаһар орнайды деген кімнің ойында болды дейсіз. Замандар

бойы ата-бабаларымыздың азаттық үшін күресі еш кетпей, ғасырлардың сын-тезінен аттап өтіп, сәулетті, құтты-қайырлы күнге жеттік.

Елбасының тарихи зерделілігі, кең құлашты дүниетанымы айрықша. Әрбір құбылысты сабақтастық тұрғысынан түсіндіреді. Елорданы республикамыздың дәл географиялық кіндігіне көшіру идеясы Тұңғыш Президентіміздің мемлекет тағдырын ойлағандықтан туындаған. Елбасының «Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мемлекеттік дәрежеде кемеңгерлікпен ойлай білуі осыдан жарты ғасыр бұрын Қазақстан астанасын Ақмола қаласына көшіруге кеңес беруінен айқын көрінеді» деген пікірінен оның адамгершілік, кісілік келбетін, әділеттілігін көруге болады. Бұл түйінді ойды әрі қарай тереңдетер болсақ, поляк саяхатшысы Адольф Янушкевич 1846 жылы «Ақмола, мәселен, бүкіл даланың болашақ астанасы» деп жазыпты.

Осындай тағылымды тарихпен тамырласып жатқан, бүгінде сәулеті мен дәулеті асқан бас қала – сан саласы дамыған экономикалық, қаржы орталығы ғана емес, аз жылда руханияттың да құтты ордасына айналып үлгерді. Соның бірі ретінде былтыр қала әкімі Алтай Көлгіновтің қолдауымен Тәуелсіздік күні шаһардың әдемі бір көшесінен «Жазушылар аллеясы» ашылып, онда қазақ әдебиетінің алыптары Сәкен Сейфуллин, Лияс Жансүгіров және Бейімбет Майлинге ескерткіш орнатылды. Қалагерлер бас қосып тұратын Жазушылар үйі ашылды. Ұлы Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойына тарту ретінде «Абай әлемі» орталығы салынатын болды. Міне, осындай жаңашыл істер жүрекке жылылық ұялатады. Астанамыздың абыройы асқақтай берсін!

Серік НЕГИМОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор



Несіпбек АЙТҰЛЫ,
ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, С.Сейфуллин музейінің директоры:

ЕЛОРДА ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

– Құлпырып елорданың қос қапталы,
Биікке «Бәйтерегім» асқақтады.

Басына бақыт құсы қонған елдің,
Білінбес табанына тас батқаны.

Қызыл тіл – құдай берген қолқанатым,
Кезім ғой түптен тартып толғанатын.

Бәлкім, мен бостандықтың жырлау үшін,
Болашақтың мына өмірге келген ақын, – деп жазып өдім.

Мен өзімді елорданы шын жүрегіммен жырлаған ақынмын деп есептеймін. Елорда жайында «Бәйтерек» деген поэма жаздым. Елорданы жырлау – басқа емес, өзіңді жырлау, өз тағдырыңды жырлау, әркімнің басына қонған бақытын жырлау. Ақындар ерлік пен рухты жаңаша жырлауы қажет. Тәуелсіздік қайдан бастау алды, қалай пайда болды деген ойды жас ұрпақтың санасына сіңіру керек. Өзімді тәуелсіздікті бір кісідей жырладым деп айта аламын.

Тұтас елорданың осылай қалыптасуына Назарбаевтың сіңірген еңбегі орасан зор. Елбасының бар еңбегін жиып қойып, ел астанасын Сарыарқа төсіне көшіргені үшін де алтыннан ескерткіш қоюға болады. Себебі қиын-қыстау заманда ел астанасын ауыстыру оңай шаруа емес. Бұл шешімнің нағыз көрегендік екеніне енді көзіміз жетіп отыр. Жиырма жыл бұрын жазық далада жаңа қала бой көтереді дегенге ешкім сенбеп еді. Кезінде Петр I солтүстіктен жаңа қаланың іргетасын қалап еді, сол Петрден мұра болып қалған әсем Санкт-Петербург бүгінде тұтас Ресейдің мақтаншына айналды. Сол сияқты жаңа астана да біз үшін ұлттың ортақ бақытына айналып отыр. Елдің тыныштығы, берекесі, болашағы үшін бәріміз көк тудың түбінен табылуымыз керек.



Фарит ГАЛИМОВ,
«Қазақстан темір жолы»
Ұлттық компаниясы» АҚ
президентінің кеңесшісі:

СЫНДАРЛЫ СӘТТЕ БІРГЕ БОЛДЫҚ

– 80-жылдары болу керек, «Көкшетау құрылыста» басымы болып жүргенде қызмет бабымен арагидік кездескеніміз бар. Кейіннен Үкімет мүшесі ретінде іссапарларда бірге болып, жақын танысуым 90-жылдарға тұспа-тұс келеді. Одан кейінгі кезеңде Нұрсұлтан Әбішұлымен тығыз байланыста болдым десе болады. Оған себеп Жоғарғы және орталық органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі Мемлекеттік комиссияның төрағасы қызметім еді.

Мемлекеттік комиссия – тікелей Президентке бағынатын штаб. Ол Президент аппаратын да, Үкіметті де ауыстырған жоқ, бірақ, солардың ортасында жүріп, байланыстырушы, шоғырландырушы міндетін атқарды. Оның аппаратында менің өзімнен бастап отыз адам, мүшелері барлық министрліктер мен ведомствоның басшыларынан тұрды. Бұлар мемлекетті басқарушы алдыңғы буын болатын. Айына бір немесе шұғыл жағдайда екі рет жиналамыз. Нұрсұлтан Әбішұлына да айына екі мәрте есеп беріп отырдық.

Бос жатқан далаға жан бітіріп, тірліктің көрігін қыздырудың қуанышын сезіне білу де ерекше. Бүгінгі күннің мінберінен алғанда татымайтындай болып көрінуі мүмкін. Бірақ бір қарыс жерге жол төселсе, шағын асхана ашылса да қуанатынбыз. Еңбегіміздің нақты жемісі де – осы. Ол кезде басқа мүмкіндіктердің уақыты еді. Және уақыт талабы да мүлдем басқаша болатын. Сол жағалауда бір үй көтеріліп, тіпті шағын кафе ашылса да президент келіп лентасын қиятын. Бұл үлкен оқиға еді.

Сол жылдары Астананы көшіруді мен мемлекеттік тұрғыдан емес, құрылысшы ретінде ғана пайымдай алдым. Бүгінде бұл ұлы идеяның жүз мыңдаған адамдардың екінші тынысын ашқанын, елді жаңа бір көкжиекке көтергенін тамсана айтып жүрміз. Ол да рас, дегенмен, жиырма жылдан аса уақыттың бедерінде елордасын көшіруге тәуекелдікке бел буған, Президенттің Қазақстан тарихының беттеріне не жеңісін, не жеңілісін жазатын нысаналы сәт екенін жақсы сезіне білдім. Ең бастысы, идея жүзеге асырылды. Мен осындай сындарлы сәтте Елбасымен бірге болғанымна қуанамын.



ЕЛ МЕН ЕЛБАСЫ ШЕЖІРЕСІ

» Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа астанадағы алғашқы резиденциясы 1997 жылы ашылды. Дәл осы жерден сол жылдың 10 желтоқсанында ерке Есіл бойындағы елорданың парақтары басталды деп айтсақ артық айтқандай болмаспыз. Президент бақандай жеті жыл Бейбітшілік көшесі, 11 мекенжайында орналасқан ғимаратта отырып, ел үшін небір тарихи шешімдерді қабылдады. Бұл ғимарат 2004 жылдың сарша тамызында Тұңғыш Президент музейі болып құрылды. Ал алғашқы келушілерді осыдан тура 15 жыл бұрын қабылдай бастады.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Жалпы аумағы 12000 шаршы метрді құрайтын төрт қабатты ғимараттың қабырғалары астананың қалыптасу кезеңдері туралы сыр шертеді. Бірнеше зал мен экспозициядан тұратын музейде жаңа Қазақстанның, оның астанасының тарихы тұнып тұр. Астана күні қарсаңында біз сол залдарға саяхат жасап, қымбат жәдігерлерді қолмен ұстамасақ та, көзімізбен көрдік.

Музей алғашқы резиденцияның жинақтаушы холынан басталады. Мәжіліс залында өтетін маңызды кеңестер басталмас бұрын мұнда лауазымды тұлғалар жиналатын болған. Қазіргі таңда осы залда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жеке заттары топтамасының шағын бөлігі ұсынылған.

Ал Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің мәжіліс залының холында «Мемлекет басшысына дипломатиялық сыйлықтар» экспозициясын көре аласыздар. Холда Елбасының қабылдауын күткен азаматтар, сонымен қатар,

Қауіпсіздік Кеңесі залында өтетін кездесулер мен отырыстарға қатысушылар жиналған.

Тұңғыш Президенттің жұмыс кабинеті бастапқы қалпында сақталған. Жұмыс кабинетінің міндетті атрибуттары Мемлекеттік рәміздер – Ту, Елтаңба, Әнұран, ел Конституциясы болып табылады. Мұнда мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасын білдіретін ресми ерекшелік белгісі – Президенттің штандарты да тұр.

Күмбезді залдың фойесінде Елбасыға шет мемлекет басшыларынан, халықаралық ұйымдар мен қорлардан, шетелдік және отандық қоғам қайраткерлерінен тарту етілген сыйлықтар ұсынылған.


Тұңғыш Президенттің қабылдау бөлмесі де сол қалпы сақталған. Қауіпсіздік Кеңесінің мәжіліс залында маңызды отырыстар, мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі маңызды кездесулер өткізілді. Қазіргі таңда бұл залда қару-жарақтар топтамасы ұсынылған.

«Алтын» залында «Еуразия жүрегінде» экспозициясы тұр. Мұнда Қазақстан Республикасы мен шетелдік делегациялар арасындағы жоғары деңгейдегі келіссөздер, Елбасының Қазақстан

азаматтарымен, халықаралық, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың, шетелдік іскер топтардың өкілдерімен басқосулары және кездесулері өткен.

Музей атриумындағы «Өмір ағашы» – Қазақстан халқының күші мен қуатының, материалдық және рухани байлығының, жас егемен мемлекеттің гүлденуінің символы.

Үшінші қабаттың холында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері» экспозициясы орналасқан. Мұнда қойылған жәдігерлер мемлекеттік рәміздер тарихымен және оның авторларымен таныстырады.



» Жыл санап емес, ай санап көркейіп, жайнап келе жатқан бас қалада әсемдігімен көздің жауын алар ғимараттар жетерлік. Соның ішінде көрген адамның есінде қалатын, сәулеті бөлек, нақышы ерек, тұрқы өзгеше, бедері анық бір ғимарат бар. Ол – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы.



Гүлназ ЖОМАРТҚЫЗЫ,
№10 қалалық емхананың
терапия бөлімшесінің
меңгерушісі:

БІЗ ҮШІН МАҚТАНЫШ

– 2002 жылы Қызылорда облысында медициналық колледжді бітіріп, елордаға осы салада ЖОО-на түсуге келдім. Сөйтіп сол кездегі Астананың медициналық университетінің студенті атандым. 2009 жылы оқуымды аяқтап, еңбек жолымды бас қалада бастадым. Алғаш келгенімде елордамыз енді дамып жатты. Сол жағалау енді-енді ғана бой көтеріп келе жатыр екен. Тіпті «Бәйтерек» монументінің іргесі енді қаланған кез. Содан бергі 18 жыл ішінде ел астанасы адам танымастай өзгеріп, дамыды. Жаңа тұрғын үйлер мен зәулім биік ғимараттар көбейді. Қала халқы үшін демалыс уақытын пайдалы өткізетін көрнекі орындар ашылды. Тұрғындар қолайлылығы үшін көп нәрсе жасалды. Қазір менің жастығымның куәсі болған елорда элементі дамыған елдерінің астаналарымен тең дәрежеде өркендеп келе жатқаны – біз үшін мақтаныш. Сонымен қатар елорданың медицина саласы да дамып, көптеген жаңа емдеу орындары іске қосылды. Бірнеше емханалар, онкологиялық орталық, реанимация салынды. Соңғы екі жылда №3 қалалық үлкен аурухана жұмысын бастады.

Жылда елорданың туған күнін халық болып думандатып атап өтетін едік. Алайда қазіргі коронавирус пандемиясы біздің өмірімізге көп өзгеріс енгізіп, соның ішінде медицина саласына ерекше күш түсіп тұр. Бұл індетті елдің басына келген қасірет деп айтсақта болады. Ауру күш алып, халық арасында көп таралуда. Сондықтан бізге зор жауапкершілік артылып отыр. Аурудың одан әрі таралуының алдын алу үшін барлық шараны жасап жатырмыз. Мен өз әріптестерімнің осы індетпен күрестегі жанкешті әрекеттеріне басымды иемін.

Барша қазақ елін, елордалықтарды Нұр-Сұлтан қаласының туған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бас қаламыз одан әрі гүлденіп, көркейе берсін, елімізде, әлемде тыныштық болсын!



Азамат ЕСЕНЖОЛ

Кітапхана деген сөздің қадірі де бөлек. Бар білімнің нәрі жиналған киелі орданың мәні мен маңызы да ерекше. Ерте замандарда жалпақ әлемге аты жайылған кітапханалар болған. Соның бірі ретінде, ежелгі Мысырда айтулы ғалымдардың ұйтқы болуымен Птолемей әулетінің екі патшасы іргесін қалаған Александрия кітапханасын айтсақ болады. Мұндай руханият ордасынан қазақ жері де кенте болмаған. Биыл 1150 жылдығын атап өткелі отырған ұлы ғалым, философ әл-Фараби бабамыз негізін салған Отырар кітапханасы – соның бір дәлелі. Осылай көне тарихпен тамырласып жатқан Елбасы кітапханасының мақсаты да елдік мүддені биіктетуге арналған. Жалпы осындай орталық бірқатар елдерде ертеден қалыптасқан. Мәселен, АҚШ-та президенттік кітапханалар желісі жұмыс істейді. Бұдан бөлек, Франция мен тамырымыз бір Түркияда да президенттік кітапхана ашылған. Ал мұндай мекеме посткеңестік кеңістікте Ресей мен Әзербайжанда ғана бар. Дәлірек айтсақ, Ресейде Борис Ельцин орталығы, ал Әзербайжанның Баку және Нахичеван қаласында ел президенті болған Гейдар Әлиевтің мәдени орталығы, музейі және қоры жұмыс істейді.

Біз әңгімелеп отырған орталық ҚР Президентінің Жарлығымен 2014 жылғы 13 наурызда Тұңғыш Президенттің жеке кітапханасы мен жеке мұрағатының қызметін жүзеге асыру, Қазақстанның қалыптасу және даму тарихын зерделеу, Елбасының идеялары мен бастамаларын елімізде және шет мемлекеттерде ілгерілету бағытында құрылған. Бір сөзбен айтқанда, ол кітапхананың, архивтің, музейдің, мәдени-білім беру және ғылыми-зерттеу орталығының қызметін атқарады.

Кітапхананың көркем бейнесі елордамызға ерекше көрік беріп тұр. Оны есімі жер жүзіне мәлім, британдық архитектор Норман Фостердің жобасымен тұрғызылған. Атақты сәулетшінің ең жиі ауызға алынатын бейресми атағы – «хай-тек» королі. Мәскеуден 2000 жылы шыққан «Жүз ұлы архитектор» атты жинағындағы Фостер туралы мақалада хай-текке «технологияның эстендірілуі»

БІРЕГЕЙ РУХАНИ ОРДА

деген анықтама берілген. Бүгінде хай-тектің классигі деп даусыз мойындалған Фостердің жобалары осы анықтамаға дәл келеді. Міне, осындай талантты тұлғаның қолынан шыққан бірегей ғимарат аспанға зер салған көздің қарашығын бейнелейді. Сәулетшінің ойы бойынша оның қайталанбас сыртқы келбеті еліміздің өміршең қуатын білдіреді.

Жалпы, бұл нысанның бастапқы идеясын Елбасының өзі берген. Сыртқы пішіні көкке ұмтылған Қазақстанның болашағын білдірсе, ал ғимараттың ішкі құрылымы алыс сапарға аттанған алып кемеге ұқсайды.

Сыртты мен ішкі әлемі үйлесім тапқан ғимараттың негізгі орталығын атриум құрайды. Оның диаметрі – 26 метр, көлемі 500-ден астам шаршы метрді алады.

Осында Елбасының, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен халықаралық деңгейдегі конференциялар, көрмелер, түрлі іс-шаралар өтеді. Сонымен бірге Тұңғыш Президенттің отыздан астам тілге тәржімаланған еңбектері арнайы экспозициялық тұрғыда қойылған. Мұнда америкалық танымал сәулетші Дотунаның ерекше туындысы орналасқан. Ол – Қазақстанның көк байрағы. Төбеден көк байраққа күн сәулесі түскен кезде жақындап келіп қарасаңыз, одан Президентіміздің, тарихи тұлғаларымыздың және тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына ерен еңбек сіңірген қайраткерлердің, даңқты спортшыларымыздың бейнелерін көресіз. 140 мыңға жуық тарихи мұрағаттар мен деректерді құрайтын Елбасының

жеке мұрағаты да осында орында тепкен.

Орталықтағы Тұңғыш Президентке арналған экспозициялардан көп мәлімет алуға болады. Онда Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірбаяны мен бастамалары туралы, жоғары мемлекеттік наградалары жайында және әртүрлі мемлекет басшыларынан, қоғам қайраткерлері тарту еткен дүниелердің өз тарихы бар.

Елбасының жеке кітапханасы да өте бай. Мұнда әр жылдары ардақты азаматқа сыйға берілген және оның 1960 жылдан жинақталған жеке кітапхана қорындағы кітаптар мен басылымдар сақталған. Оның ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президентіне Миландағы Амброзиан кітапханасы тарту еткен Леонардо да Винчидің сызбалары бар альбом, Елбасына ғарышкер Талғат Мұсабаев сыйлаған ғарыш айлағында болған құран, Қасиетті құрандар топтамасы, Ресей императоры Александр II кітапханасында сақталған Ф.Шлоссердің «Всемирная история» кітабы, 1838 жылы жарық көрген энциклопедиялық лексикон секілді құнды мұраларды айтуға болады.

Елбасының жеке архивінде Тұңғыш Президентіміздің мемлекеттік және қоғамдық қызметіне байланысты 120 мыңнан астам архив құжаттары, бірегей өмірбаяндық, шығармашылық материалдар жинақталған. Елбасының өмірі мен қызметінің басты кезеңдері туралы жеке сипаттағы құжаттар аса құндылығымен ерекшеленеді.

Бүгінде бірегей орталық Елбасының жасампаз идеялары мен еліміздегі жастардың отансүйгіштік рухты ұялату мақсатында жүйелі түрде әлеуметтік-ағарту жұмыстарын жүргізіп келеді. Осында еліміздің әр өңірінен келген үздік студенттер мен оқушылар, сондай-ақ педагогтар мен мемлекеттік қызметкерлерге семинар ұйымдастырылып, оқытудан өтеді.

Қорыта келгенде, азат мемлекетіміздің қалыптасуы мен дамуы жолында бар күшін сарп еткен Елбасының кітапханасы – ару астананың ғана емес, еліміздің мақтанышы деуге болады.



МЕРЕКЕДЕГІ МАРАПАТ

АСТАНА КҮНІНЕ ОРАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ
МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАБЫС ЕТІЛДІ



» Кеше елорда әкімі Алтай Көлгінов астана күніне орай бір топ медицина қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан алғыс хаттар және «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті азаматы» атақтарын тапсырды.

ІІІ дәрежелі «Барыс» орденімен көпбейінді медицина орталығының бас дәрігерінің орынбасары Сәуле Атығаева, «Парасат» орденімен жұқпалы аурулар госпиталінің бас дәрігері Анна Цепке, «Құрмет» орденімен дәрігер-ре-

аниматолог Илья Логвиненко, жедел жәрдем станциясының директоры Мұрат Оразбаев, «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен анестезиолог-реаниматолог Иван Вахрушев, сондай-ақ дәрігер-инфекционист «Нұр-Сұлтан қала-

сының Орталық жол ауруханасы» ЖШС бөлімшесінің меңгерушісі марапатталды. Коронавирус індетімен күресте алдыңғы шепте келе жатқан 20-дан аса медицина мамандарына мемлекеттік наградалар табысталды.

Пандемия кезінде қала тұрғындарына азық-түлік себеттерін, дәрі-дәрмектерді жеткізіп, блок-посттардың жұмысын реттеуге атсалысқан еріктілер ел басшылығының атынан алғыс хаттармен марапатталды.

Сонымен қатар елорда әкімі Алтай Көлгінов астананың құрметті тұрғындары атағын екі ардагерге табыс етті. Олар – 30 жылдан аса уақыт білім саласында еңбек еткен Отызбай Сүйіндіков пен белгілі хирург Владимир Баумейстер.

«Бүгінде марапатталушылардың басым бөлігі онлайн-режимде қатысып жатыр. Әрқайсыңыз коронавирусқа қарсы күреске үлкен үлес қосып жатырсыз. Мен үшін сіздерге Мемлекет басшысының атынан наградалар тапсыру – үлкен құрмет. Қала қауіпсіздігін қамтамасыз ететін полиция қызметкерлері, күн сайын медициналық қызметкерлерді жұмысқа алып келетін автобус жүргізушілері де алғыс хаттармен марапатталды. Әр адамның індетпен күреске қосып жатқан үлесін бағалаймыз. Келе жатқан астана күні құтты болсын» деді қала әкімі Алтай Көлгінов.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

АУЛАЛАР АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

» Биыл елордада аулаларды абаттандыру, көгалдандыру, ішкі орамдық жолдарды жөндеу мен жарықтандыру жұмыстарына айрықша мән берілуде. Қазір қала аумағындағы 1560 ауланың 70 пайызы абаттандырылды. Бұл жұмыстар қаланың барлық аудандары бойынша қарқынды жүріп жатыр.

Бұл ретте аула аумақтарын, ойын алаңдарын жасау азаматтардың пікірлерін ескере отырып жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн. Ол үшін биыл барлық бағыттарда «Бюджетке қатысу» бағдарламасы іске қосылды. Яғни, қай ауланы абаттандыру керек және балалар алаңында нені көргісі келетінін тұрғындардың өздері шешеді.

Мәселен, Сарыарқа ауданында жөндеу жоспарланған 40 ауланың

13-і «Бюджетке қатысу» жобасы бойынша жүзеге асуда. Есіл ауданында да биыл 5 қоғамдық кеңістік абаттандырылуда. Ал Байқоңыр ауданында 20 ауланы абаттандыру бойынша жұмыстар аяқталды.

Мамандардың айтуынша, аула аумақтарын абаттандыруда барлық заманауи стандарттар ескерілген. Қолданылатын материалдар сертификатталған. Спорт алаңдарында қауіпсіз ре-

зеңке төсемдер, жаттығу кешендері орнатылды. Сондай-ақ аумағы бойынша сәйкес келетін аулалардың барлығына футбол, волейбол және баскетбол алаңдары салынууда. Ал шағын сәулеттік нысандарды орнатқан кезде жарақат алу жағдайын болдырмау үшін жеке қауіпсіздік аймағы ескеріледі.

Жалпы биыл 150 аула мен 50-ге жуық қоғамдық орын абаттандырылады. Атап айтқанда, Сарыарқа ауданында – 40, Алматы ауданында – 33, Байқоңыр ауданында – 70, Есіл ауданында 20 аула абаттандырылып, тұрғындар игілігіне беріледі.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ



» Кеше қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті азаматы» атағын беру мәселесі қаралды. Бұл атаққа Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі, жоғары санатты хирург Владимир Баумейстер және Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, еңбек ардагері Отызбай Сүйіндіков ұсынылды. Сәйкес ұсынысты қала әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркенов жариялады.

ДӘРІГЕР МЕН МҰҒАЛІМГЕ – ҚҰРМЕТ

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Владимир Баумейстер 1966 жылы Семей мемлекеттік медицина институтын бітірді. Еңбек жолын осы жылы Целиноград қаласының №2 қалалық ауруханада хирург болып бастады. 1968 жылы онколог-дәрігер қызметіне ауыстырылды. 1974 жылы хирургия бөлімшесінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды. 1977 жылы Целиноград теміржолы санитарлық қызметінің бас хирургі болды. 1979 жылдан теміржол ауруханасының бас дәрігері. 2004 жылдан клиникалық және ғылыми жұмыс жөнінде бас кеңесші, 2009 жылдан хирургиялық мәселелер бойынша бас кеңесші. Хирургиялық қызметін үзбеген дәрігер еңбек жолында 15 мыңнан астам жедел ота, 13 мыңнан аса эндоскопиялық зерттеу жасады.

ҚазКСР еңбек сіңірген дәрігері, «Құрмет белгісі» ордені иегері Владимир Баумейстер ҚазКСР Жоғары Кеңесі XII шақырылымының депутаты болды. Бірнеше рет Целиноград қаласы қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды. Оның тікелей басшылығымен денсаулықты тексерудің көптеген әдістері енгізілді.

Қорғалжын ауданының Құрметті азаматы, Нұр-Сұлтан қаласы Ардагерлер кеңесінің мүшесі Отызбай Сүйіндіков 1931 жылдың 16 ақпанында Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Жантеке ауылында дүниеге келді. 1953

жылдан білім саласында жұмыс істеді. Еңбек жолын Тыңғылықты ауылы бастауыш мектебінің мұғалімі ретінде бастады. 1972 жылдан 1991 жылға дейін Ә.Майкөтов атындағы педагогикалық училище директоры болды. 1992-1998 жылдары педагогикалық колледжде, 1999-2001 жылдары гуманитарлық колледжде еңбек етті. Астана ауысқанда осы тарихи оқиғаға белсенді қатысты. Елорданың қоғамдық-саяси өміріне елеулі үлес қосты. Оның ұсынысымен және бастамасымен қаланың бір көшесіне Ыбырай Алтынсариннің аты берілді.

– Бұл тұлғалар Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласының өркендеуіне қосқан елеулі үлесі мен мемлекеттік және қоғамдық өмірдегі белсенді қызметі үшін «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті азаматы» атағына ұсынылды, – деді қала әкімінің орынбасары.

Қалалық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Мәжит Шайдаров құрметті атаққа ұсынылған екі азаматты да жақсы білетінін атап өтті.

Мәслихат депутаттары Зұлпыхар Ғайыпов пен Рамзия Өмірбаева қарт ұстаз Отызбай Сүйіндікұлының азаматтық келбетіне, білім саласының дамуына қосқан үлесіне тоқталды. Депутаттар қос тұлға да «Нұр-Сұлтан қаласының Құрметті азаматы» атағына әбден лайық екенін атап өтіп, мәслихат тарапынан бұл ұсыныс бірауыздан мақұлданды.

ЕЛОРДА ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТЕДІ...



Бұл мәдени шара қаланың тарихи ескерткіші саналатын көпес «Василий Кубриннің» үйінде өтуде. Көрмеге еліміздің бас шаһарының қалыптасуы мен даму жолынан сыр шертетін фотоматериалдар мен архивтік құжаттар ұсынылды. Сонымен бірге көрермендер мемлекетіміздің өткен жолына қызықты саяхат жасай алады.

Фотоқұжаттық көрме өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан басталып, бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды. Онда қалалық

мұрағат, ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасының кітапханасынан, ҚР Президентінің архивінен алынған 100-ден астам фотоматериалдар мен архивтік құжат қойылды.

Сонымен бірге Елбасының әлеуметтік-маңызды нысандардың ашылуына қатысқан сәттері мен Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық ұйымдардың жиындарындағы әлемдік көшбасшыларымен кездесіп, бірге түскен суреттерін көресіз.

Көрме 10 шілдеге дейін жалғасады.

ЕКІ АПТАЛЫҚ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ ЕНГІЗІЛЕДІ



» Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Мемлекеттік комиссия отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстандағы эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру шаралары қаралды.

PRIMEMINISTER.KZ
 ҚР ҮКІМЕТІ 5 ШІЛДЕДЕН БАСТАП 14 КҮН МЕРЗІМГЕ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫН БЕКІТТІ:

КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ БОЙЫНША:

- ▶ ЕЛДЕР ТІЗІМІН КӨБЕЙТПЕЙ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫН SAҚTAУ;
- ▶ ӨНІРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫН, ТЕМІР ЖОЛ ҚАТЫНАСЫН SAҚTAУ (ШЕКTEУЛЕРМЕН);
- ▶ ӨНІРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖОЛАУШЫЛАР АВТОБУСЫ ҚАТЫНАСЫН УАҚЫТША TOҚTATY;
- ▶ ҚOҒAMДЫҚ КӨЛІКТІН ЖҰМЫСЫН УАҚЫТ БОЙЫНША ШЕКTEУ.

ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі

PRIMEMINISTER.KZ
 ҚР ҮКІМЕТІ 5 ШІЛДЕДЕН БАСТАП 14 КҮН МЕРЗІМГЕ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫН БЕКІТТІ:

- ▶ МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАНДАРДЫҢ (ҰЙЫМДАРДЫҢ), КЕHCЕЛЕРДІН, ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КЕМІНДЕ 80%-НЫҢ ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫC ІCTEУ РЕЖИМІН SAҚTAУ;
- ▶ AЛДЫН AЛА ЖАЗЫЛУ БОЙЫНША МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН SAҚTAУ;
- ▶ ДӘРХАНАЛАРДЫҢ, АЗЫҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНДЕРІНІҢ, АШЫҚ БАЗАРЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН SAҚTAУ;

КҮШЕЙТІЛГЕН САНИТАРЛЫҚ-ДЕЗИНФЕКЦИЯЛЫҚ РЕЖИМДІ SAҚTAЙ OTЫPЫП, КЕЛЕСІ НЫCАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН SAҚTAУ:

- ▶ AШЫҚ АУАДА ҚOҒAMДЫҚ ТАМАҚTAНУ НЫCАНДАPЫ;
- ▶ ҮЗДІКСІЗ ӨНДІPCTІК АЙНАЛЫМЫ БАР ҚҰPЫЛЫC, ӨНЕРКӘCІП КӘCІПOPЫНДАPЫ;
- ▶ AШЫҚ АУАДАҒЫ ҚҰPЫЛЫC ЖҰМЫCТАPЫ;
- ▶ АУЫЛ ШАPУАШЫЛЫҒЫ, БАЛЫҚ ШАPУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МАЛ ШАPУАШЫЛЫҒЫ ЖҰМЫCТАPЫ;
- ▶ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨPCEТУ САЛАЛАPЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ АВТО ЖУУ, АВТОМОБИЛЬДЕРДІ ЖӘНЕ ТҰPМЫCТЫҚ ТЕХНИКАНЫ ЖӨНДЕУ, ЖҚО-лар, ЕКІНШІ ДЕНГЕЙЛІ БАНКTEP (УАҚЫТ БОЙЫНША ШЕКTEУ ЕНГІЗУМЕН).

ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі

PRIMEMINISTER.KZ
 ҚР ҮКІМЕТІ 5 ШІЛДЕДЕН БАСТАП 14 КҮН МЕРЗІМГЕ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫН БЕКІТТІ:

МЫНА НЫCАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ТҒЫЙЫМ САЛУ:

- ▶ CҮЛУЛЫҚ САЛОНДАPЫ, ШАШТАPАЗ;
- ▶ CПОРТ ЗАЛДАPЫ, ФИТНЕС ОРТАЛЫҚТАP, БACCEЙНДЕР;
- ▶ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІКTEК ЕМЕС ЖАБЫҚ БАЗАРЛАP;
- ▶ ЖАҒАЖАЙЛАP, АКВАПАРКTEP;
- ▶ МӘДЕНИЕТ НЫCАНДАPЫ, МҮЗЕЙЛЕР, КӨPМЕЛЕР, ФОРУМДАP, КОНФЕРЕНЦИЯЛАP ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҰЙЫМДАCTЫPЫЛҒАН БҰҚАPАЛЫҚ ІC-ШАPАЛАP;
- ▶ ОЙЫН-CAУЫҚ ОРТАЛЫҚТАPЫ;
- ▶ MEКTEПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАP MEКЕМЕЛЕРІ (КЕЗЕКШІ TOПТАPДАН БACҚA);
- ▶ ДІНИ НЫCАНДАP ЖӘНЕ Т. Б. (COCO-ДАҒЫ ОЙЫН-CAУЫҚ ОРТАЛЫҚТАPЫ, ОЙЫН-CAУЫҚ НЫCАНДАPЫ (КАPACKE, БИЛЬЯPД, КОМПЬЮTEP КЛУБТАPЫ, БОУЛИНГ ОРТАЛЫҚТАPЫ);
- ▶ КИНОТЕАТPЛАP;
- ▶ БАЛАЛАPДЫ CAУЫҚTYPУ ЛАГЕРЛЕРІ;
- ▶ ФУДКОPТТАP, БАНКET ЗАЛДАPЫ.

ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі

PRIMEMINISTER.KZ
 ҚР ҮКІМЕТІ 5 ШІЛДЕДЕН БАСТАП 14 КҮН МЕРЗІМГЕ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫН БЕКІТТІ:

АЗАМАТТАPДЫҢ ЖҰPІP-ТҰPУЫ БОЙЫНША:

- ▶ ОЙЫН-CAУЫҚ, CПОРТ ЖӘНЕ БACҚA ДА БҰҚАPАЛЫҚ ІC-ШАPАЛАPДЫ, CОНДАЙ-АҚ OTБACЫЛЫҚ, ЕCКЕ АЛУ ШАPАЛАPЫН ӨTKІЗҮГЕ ТҒЫЙЫМ САЛУ;
- ▶ AШЫҚ АУАДА ЖATТЫҒУЛАP ЖACAУҒА PУҚCАT EТҮ;
- ▶ ТҰPҒЫНДАPДЫҢ КӨШЕЛЕРДЕ, CАЯБАҚТАPДА, СКВЕРЛЕРДЕ 3 АДАМНАН АPТЫҚ CЕРУЕНДЕҮІН ШЕКTEУ;
- ▶ 65 ЖACТАН ACҚАН АДАМДАPДЫҢ CЫPТҚА ШЫҒУЫН ШЕКTEУ.

ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі

500 ТҮЛЕК КОРОНАВИРУСПЕН КҮPЕСКЕ ЖҰМЫЛДЫPЫЛАДЫ



» Елордада медициналық университет пен колледждің 536 түлегі COVID-19 инфекциясымен күреске жұмылдырылады. Олардың бір бөлігі 3 шілдеден бастап жұмысқа кіріседі. Бұл жөнінде қала әкімі Алтай Көлгінов мәлімдеді.

«Медициналық университет пен колледждің 536 түлегі COVID-19 инфекциясымен күреске тартылып жатыр. Студенттерді жұмысқа орналастыру мен індетке қарсы күреске тарту бүгін

қаланың медициналық мекемелерінің ректорларымен талқыланды. Түлектерді емханалар, ауруханалар, стационарлар және жедел жәрдем станциялары бойынша бөлеміз» деп жазды

Алтай Көлгінов Instagram парақшасында.

Қала әкімдігі науқастарды емдеуге арналған төсек-орындар санын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде. Рамада Плаза ғимаратында 500 төсек-орын орналасқан. Бөлмелер қарқынды терапия палаталары мен ем-шара кабинеттері үшін қайта жабдықталған. Барлық қажетті медициналық жабдықтар бар. Өткен аптада 800-ден астам орын әзірленді: №1 көпсалалы қалалық аурухана толығымен жұқпалы аурулар стационарына аустырылды, онда 600 орын бар. Сондай-ақ Ұлттық ғылыми медициналық орталықтың, Қорғаныс министрлігі госпиталінің және ҰОС клиникалық госпиталінің базасында төсек-орындар құрылды.

Сонымен қатар теле-медицинаны пайдалану тәжірибесі жалғасуда.

Коронавирустың симптомсыз тасымалдаушыларын емдеу үшін, медицина қызметкерлері бейнеқоңырау арқылы денсаулықтарын бақылап, инфекцияның симптомсыз тасымалдаушыларына барлық мәселелер бойынша кеңес береді.

Жедел жәрдемге хабарласатындар саны күніне мыңнан 4 мыңға дейін артқандықтан жедел жәрдем станциясы базасында ахуалдық орталықтың жұмысы іске қосылып, жедел медициналық көмек бригадаларының саны артты. Мамандар бір мекеме толып кетпеуі үшін КВИ анықталған науқастарды стационарға жібереді. Сондай-ақ жедел жәрдем станциясының телеграм-боты (@ns103bot) жұмыс істейді, бұл бот қала тұрғындары арқылы жедел жәрдем шақыра алады.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ


» Елордада карантин режимін сақтау бойынша рейдтер жалғасып жатыр. Қалалық еріктілер штабы, полиция қызметкерлері және СЭС мамандары бірлесіп өткізген кезекті рейд барысында карантин режимін бұзып, келушілерге кальян ұсынған бірнеше мекеме анықталды.

КАЛЪЯН ҰСЫНҒАНДАР ЖАУАПКЕРШІЛІКKE ТАРТЫЛДЫ



Аталған орындар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. «Бұған дейін мекемелерге кальянға тыйым салынғаны туралы ескертілген. Бірақ мұны ескермегендер бар, ал бұл инфекция қаупін тудырады. Біз санитарлық дәрігерлермен және полициямен бірге рейдтерге шығып жүрміз» дейді ерікті Аққұл Тастемір.

Санитарлық нормалар сақталмаған жағдайда кәсіпорындар жабылады. Елордада карантин режимі сақталуда. Азаматтар қатаң санитария нормаларын сақтауы керек. Соның ішінде маска тағу, антисептик қолдану және әлеуметтік қалықтық сақтау аса маңызды.



арналған хаттамаға енгізілгенін жеткізді. Бұл препарат бір реттік тәртіпте сатып алынып, біздің елге жеткізілді. Онымен стационарлық науқастарды емдейді. Осы препаратпен емделетін адамдар бақылауға алынады. Себебі ол препарат жаңа. Клиникалық сынақтан жақында ғана өткен.

МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫ ДА АЖАЛ ҚҰШУДА

Пандемия басталғалы бері Қазақстанда 18 медициналық қызметкер қайтыс болған. Мұны еліміздің бас санитар дәрігері Айжан Есмағамбетова мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл жағдайлардың бәрі бірдей КВИ-мен байланысты емес. Алайда олардың арасында COVID-19 ауруын жұқтырғандарға көмек көрсеткендер де бар. Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстанда коронавир инфекциясын жұқтырған адамдардың 11,5 пайызы – медициналық қызметкерлер. Тағы 492 медқызметкер пневмониямен ауырған. 511 медициналық қызметкер емін жалғастыруда.

ЕМХАНАЛАР ҚАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Еліміздегі емханалардың жұмысы қашықтан қызмет көрсету форматына ауыстырылды. Себебі учаскелік және консультациялық қызметтер мүмкіндігінше қашықтан көрсетілуі тиіс. Екіншіден, жоспарлы көмек пен диагностикалық қызметтер қатаң түрде дәрігерлердің көрсетілімдері бойынша онлайн жазу арқылы жүзеге асырылады. Емханаға азаматтар алдын ала күні бұрын шақыртылады. Емханаларда қазіргі жағдайда кезек күтуге, көп адам жинауға жол бермеу керек.

АРНАЙЫ ТОП БАҚЫЛАУЫНДА

Қаланың дәріханаларында пандемия жағдайында қажетті дәрі-дәрмектердің болуын қамтамасыз ететін мониторингтік топ елорданың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің шешімімен құрылды. Мамандар қаланың дәріханаларында дәрі-дәрмектердің қолжетімділігіне күнделікті мониторинг жүргізеді. Дәріхана ұйымдарының басшыларына Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығына сәйкес дәрі-дәрмектердің шекті бөлшек сауда бағаларын қатаң сақтау тапсырылды. Шешім дәріхана ұйымдары үшін міндетті болып табылады. Сонымен қатар бүгінгі күнге дейін әкімдік пен бөлшек сауда желісінің қауымдастықтары арасында дәрі-дәрмек жеткізілімін шектеу мақсатында әр сатып алушыға 2-3 қаптамадан асырмау туралы меморандум жасалды. Емдеу кезінде препараттың дәл осындай мөлшері қажет, өйткені олардың жарамдылық мерзімі және сақтау шарттары бар. 9 шілдеге дейін бірқатар вирусқа қарсы, ыстық түсіретін дәрілер мен антибиотиктер елорда дәріханаларына жеткізіледі деп күтілуде. Сонымен қатар ыстық түсіретін дәрі-дәрмектердің тапшылығында олардың балама нұсқалары бар: «Панадол», «Эффералган», «Ибупрофен», «Ибуфен», «Миг», «Новиган», олар дәріханаларда бар. Коронавирус инфекциясының алдын алу үшін азаматтар санитарлық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керек: маска, қолғап киіп, қолын сабынмен жуып, әлеуметтік қашықтық сақтау қажет.

ІНДЕТПЕН КҮРЕС КҮШ АЛДЫ

» Қазақстанда коронавирус жұқтырудың орташа өсімі 4,5 пайызды құрады. Бүгінге дейін елде 44100 адам, соның ішінде елордада 5642 адам ауру жұқтырғаны тіркелді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі індеттің кең таралуына байланысты дертпен күрес шараларын күшейтті. Осы апта сала министрі Алексей Цой ауруға қарсы 6 шараны атап айтты.

Райхан
РАХМЕТОВА

КӨШПЕЛІ БРИГАДАЛАР АҚЫЛЫ БОЛДЫ

Министр мырза енді емханаларда және жедел жәрдем қызметінде мобильді бригадалар құрылатынын айтты. Бірақ олар ақылы. Бригадалар қазіргі таңда жұмысын бастап кетті. Тарифі де әзір. Құны – 5400 теңге. КВИ немесе ЖРВИ белгісі бар адамдар жедел жәрдем шақырса, мобильді бригадалар дәрігерлермен бірге барып, сол жерде тест алады. Оларды қазіргі таңда үш санатқа бөліп қойған.

Ажар ГИНИЯТ,
ҚР денсаулық сақтау вице-министрі:

– Шақыруға төленіп отырады. Бұл бригада бір адамға екі-үш рет келмейді. Өйткені тест бір-ақ рет алынып, КВИ бар ма, жоқ па, анықталып, учаскелік дәрігерге ақпарат беріледі. Бүгінде 380 бригада бар, шамамен 3 мың бригада құру жоспарлануда. Емханаларға тіркелген халыққа учаскелік дәрігерлер мен бейінді мамандар қашықтан консультациялық көмек беруді жалғастырады. Емханаға белгілі бір айғақтар бойынша жүгінген пациенттерге карантиндік фильтр арқылы қызмет көрсетіледі.

СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕК ҚҰРЫЛЫМЫ ӨЗГЕРДІ

COVID-19 жұқтырған пациенттерге стационарлық көмектің бұрынғы құрылымы өзгертілді. 13 мың төсегі бар карантиндік стационарлар байланыста болған адамдар үшін провизорлық және жұқпалы аурулар ауруханасына қайта бейінделеді. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін соңғы үш тәулік ішінде

ДӘРІГЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

Коронавирус инфекциясымен ауыратын науқастарды толық қамтамасыз ету үшін стационарларда 138,8 млн теңгеге 59 түрлі дәрі-дәрмек сатып алынды. Бүгінгі жағдай бойынша өңірлердегі медициналық ұйымдарда 27 мың пациент вирусқа қарсы препараттармен қамтамасыз етілген. Қосымша сатып алуды ескерсек, дәрімен қамтылған пациенттер саны 58 мыңға дейін артады. Ал вирусқа қарсы терапия орташа ауыр және ауыр жағдайда ғана қажет. Медициналық ұйымдарға КВИ диагностикасы мен емдеудің

клиникалық хаттамасына сәйкес коронавирус инфекциясын емдеу үшін антибиотиктердің 16 түрі үздіксіз жөнелтілетінін атап өтті.

ЖЕҢІЛ ТҮРІНЕ ШАЛДЫҚҚАНДАРҒА ДӘРІ ТЕГІН БЕ?

Пневмония, ЖРВИ және КВИ-дің жеңіл түрі бойынша үйінде емделіп жатқан қазақстандықтар дәрі-дәрмекті тегін ала алады. Бұл жайлы ҚР бас мемлекеттік санитар дәрігері Айжан Есмағамбетова мәлім етті. Оның айтуынша, қазіргі таңда МӘМС аясында тегін дәрі-дәрмек пен препараттардың тізімі жасалды. Яғни ЖРВИ мен пневмониядан үйінде емделіп жатқандар осы дәріні ала алады. Тегін дәрілер тізіміне антибиотиктер мен дене қызуын түсіретін дәрілер кіреді. «Ол дәрі-дәрмекті емханалардың жанындағы мобильді топтар тегін жеткізіп береді» деген Айжан Есмағамбетова әкімдіктерге қосымша дәрі-дәрмек алу міндеті жүктелгенін айтып өтті.

РЕСЕЙДЕН ЖЕТКЕН ПРЕПАРАТ

Қазақстандағы стационарлық ауруханаларда КВИ жұқтырғандарды ресейлік жаңа препаратпен емдейді. Жаңа дәрінің жеткізілгенін министрлік өкілдері мәлімдеп, «Авифавир» атты жаңа препарат коронавирус инфекциясын жұқтырғандарды емдеуге

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін соңғы үш тәулік ішінде COVID-19 расталған пациенттер үшін қосымша 1,5 мың төсек және COVID-19 күдікті пациенттер үшін 5 мың провизорлық төсек ашылды. Бүгінгі таңда 333 ұйымда 20 мың инфекциялық және провизорлық төсек бар, олардың 60 пайызында науқастар жатыр





» «Астана Опера» театры жаз кезінде TengriTV және театр сайты арқылы бекзат өнерді жақсы көретін қауымға жиырмадан астам опера, балет қойылымдары мен концерттерді ұсынып отыр.

ҚОЙЫЛЫМДАРЫН ОНЛАЙН КӨРСЕТЕДІ

Онлайн көрсетілімнің репертуары ересектерге ғана емес, балаларға да арналған. Айталық, балдырғандар мен жеткіншектер назарына «Балаларға арналған классика», «Театра саяхат» және «Балалар театрға шақырады» топтамаларынан арнайы бағдарлама әзірленген. Сондай-ақ бірегей өнер ордасындағы балет труппасының көркемдік жетекшісі, Ресейдің халық әртісі Алтынай Асылмұратова қойған Людвиг Минкустың «Дон Кихот», Адольф Аданның «Корсар», Фридерик Шопеннің музыкасына «Шопениана» және тағы басқа спектакльдерді тамашалай аласыз. Сонымен бірге операдағы ұлттық

және батыс еуропалық классика жауһарлары – Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек», Джоаккино Россинидің «Жібек саты», Джакомо Пуччинидің «Тоска» секілді туындылары тарту етіледі.

«Астана Операның» бас дирижері Алан Бөрібаев театрдың үлкен залында қойған «Италиядан келген хаттар» және дирижер Абзал Мұхитдин дайындаған «Жылдың сегіз мезгілі: Антонио Вивальди мен Астор Пьяццолла» жобалары шілде және тамыз айында жұртшылыққа ұсынылады.

10 тамызда көрермендерге Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсы тағы көрсетіледі.

Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

ШВЕЙЦАРИЯЛЫҚТАР АБАЙДЫ ОҚЫДЫ

» Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай Қазақстанның Швейцариядағы елшілігі Цюрих университетінің академиялық өкілдері, ақын өлеңдерін сүйіп оқитын швейцариялықтар, сол елде білім алып жатқан қазақстандық студенттер және қазақ диаспорасының қатысуымен «Абай оқуларын» ұйымдастырды.



Бұл мәні бар шара Люцерн маңында Алып және атақты Люцерн көлімен қоршалған ескі Мегган сарайы жанында өтті. Кеш барысында Қазақстанның Швейцариядағы Төтенше және Өкілетті елшісі Әлібек Бақаев орыстар үшін Толстой, ағылшындар

үшін Шекспир, немістер үшін Гете қалай бағаланса, қазақ халқы үшін Абай да сондай құрметке ие екендігін айтты.

Сондай-ақ Цюрих университетінің Антропология және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының жетекшісі, қазақ тілін

меңгерген профессор Петер Финке Абай шығармашылығы қазақ әдебиеті мен тарихы үшін аса құнды екенін атап өтті.

Ұлы ақынның шығармашылығымен таныс қонақтары Абай өлеңдерін қазақ, француз және неміс тілдерінде оқыды.



«НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА»

» Осыдан екі жыл бұрын Елбасының Жарлығымен шілденің алғашқы жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып белгіленді. Дәл осы күні ұлт рухының мерейі тасыған кезі болды деп ойлаймын. Қазақтың ұлттық саз аспаптарының ішінде домбыра мен қобыздың орны бөлек. Әсіресе, домбыраның күмбірлеген үні естігенде селт етпейтін қазақ жоқ. Ғажап ақын Қадыр Мырза Әлі ағамыздың: «Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра. Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген өлең жолы қасиетті аспаптың құндылығын асырып тұр.

Ұлтымыз жер бетінде қазақ болып жаралғалы бері домбыра сонымен бірге жасап келеді. Халқымыздың ғажайып бір өнерінің түрі – күй. Бұл – бізге бабадан жалғасып келе жатқан асыл қазынамыз. Қос шекті домбыраның шаңағынан төгілген күйді кез келген адам түсінбейді. Ол үшін жұмырбасты пенденің жаны қазақ болу керек. Күйдің тарихы көне дәуірден бастау алады. Әріге бармай-ақ, жұртымыз «Күй атасы – Құрманғазы» деп дәріптейтін дәулескер күйшінің өлмес шығармаларының өзі неге тұрады?! Дәл сондай Дәулеткерейдің, Қазанғаттың, Тәттімбет секілді саңлақ күйшілердің күйлерін тындағанда бойыңы-

зды асқақ рух билеп, қазақ болып туғанына мақтанасыз. Осы ұлылардан қалған мұра бізге қасиетті қара домбыраның үнімен жетті. Олардың жолын кешегі Дина апамыздан бастап, Сүгір Әліұлы, Қали Жантілеуов, Әбікен Хасенов, Мағауия Хамзин, Рысбай Ғабдиев секілді тарлан тұлғалар сәтті жалғастыра білді. Қазіргі жастардың арасында да домбыраның құлағында ойнайтын талантты өнерпаздар жетеді.

Қасиетті домбыра, қазіргі тілмен айтқанда, ұлттық брендіміз. Домбыра барда қазақтың рухы ешқашан өшпейді. Әр қазақтың шаңырағында домбыраның үні күмбірлеп тұрсын!